

Қысқа мерзімді жоспар		Мектеп:	
САБАҚ: Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер			
Күні:		Мұғалімнің есімі:	
СЫНЫП: 7		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар: 0
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)		6.3.1.1 – оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау;	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:		
	<ul style="list-style-type: none"> Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. 		
	Оқушылардың басым бөлігі:		
	<ul style="list-style-type: none"> Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. 		
	Кейбір оқушылар:		
<ul style="list-style-type: none"> Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады. 			
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
Тілдік құзіреттілік	Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер		
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.		
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.		
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ тілі, тарих.		
Алдыңғы тақырып	Кіріспе сабақ <u>Зерттеу сұрағы:</u> Орта ғасырлар тарихы нені оқытады		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)		Ресурстар

<p>Басталуы 5 минут</p>	<p>Топқа бөлу 2 минут</p> <p>Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады.</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</p> <p>3 минут</p> <p>«Қызыл гүлім-ай» би</p>	<p>1-топ «Сары кәмпиттер»</p> <p>2-топ «Көк кәмпиттер»</p> <p>3-топ «Қызыл кәмпиттер»</p>
<p>Ортасы 20 минут</p>	<p><u>Білу және түсіну 10 минут</u></p> <p>Топтарға тапсырма:</p> <p>(Мәтін бөліктерін тарату)</p> <p><u>Зерттеу сұрағы: VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды?</u></p> <p>Оқулықтағы тапсырмаларды топтарға бөлу</p> <p>Түргеш қағанаты 704-756 жылдар аралығында өмір сүрді. Қағанаттың негізін қалаушы Үшелік-қаған болды. Қағандықтың территориясы Орта Азияның оңтүстік-шығысында Шаш (Ташкент) қаласынан Шығыс Түркістандағы Бесбалық, Турфан қалаларына дейінгі аралықты қамтыды. VI ғасырда Тянь-Шань таулы аймақтарында өмір сүрген түргештер VII ғасырда Жетісуға қоныс аударып, Батыс түрік қағанатының сол қанатының құрамына енген, халқы ең көп тайпа болған. Қағандық халқының этникалық құрамы негізінен сары және кара түргеш тайпаларынан тұрды. Жазба деректердің көрсетуі бойынша олар Шу, Талас, Іле бойларында өмір сүрген. Үшелік қаған өзінің негізгі тайпаларын екі Ордаға бөліп, басты орталығын Суяб қаласында, екінші ордасын Іле аңғарындағы Күнгіт қаласында орналастырған. Батыс түрік қағандығының құрамында болған басқа да түрік тілдес тайпаларда түргештердің құрамына енген. Саяси әкімшілік билік қағандықтың ең жоғарғы билеушісі бас қағанның қолында болды. Үшелік қаған қағанатты 20 әкімшілік аймақтарға бөліп, әр аймақта 7 мыңнан әскер ұстады.</p> <p>Қарлұқ қағанаты (756-940 ж.ж.). Қарлұқтар туралы алғашқы деректер V ғасырда олардың тирек тайпаларының құрамында болғандығын айтады. Қарлұқ туралы алғашқы дерек “суй әулетінің тарихында” 581-618 жылдары кездеседі. Онда қарлұқтар өздерінің басты руының атымен бұлақ (було) деп аталған. Қарлұқ тайпаларының әуелгі орналасқан аймағы – Батыс Алтай мен Тарбағатай арасындағы өлке.</p>	<p>«Әлемді шарлау» әдісі арқылы түсіндіріледі.</p> <p><u>«Интервью» әдісі</u></p> <p>Оқушылар өз ойларын стикерлерге жазып жабыстырады.</p>

	<p>VII ғ. орта кезінде қарлұқ бірлестігінің құрамына ірі-ірі үш тайпа – бұлақ, шігіл және ташлық кірген. Әмудариядан бастап Қытайға дейінгі түріктердің барлығын шігіл деп атаған. Олардың біразы Таласқа жақын жерде Шігіл деп аталатын қалада тұрған. Шу аңғарында тұрған қарлұқ қоныстарының орталығы – Баласағұн қаласы. Қарлұқтардың біраз тобы X ғасырда Іле аңғарында, Ыстықкөл мен Балқаш көлдерінің аралығында көшіп-қонып жүрген. Қарлұқтардың көсемдерін “жабғу” деп атаған. Олардың астанасы Қойлық қаласы болды.</p> <p>Оғыз мемлекеті (X-XI ғғ.). Қарлұқ қағанатының солтүстік-батыс жағында, Сырдарияның орта және төменгі бойында, оған жалғасып жатқан Батыс Қазақстан далаларында IX-X ғасырларда Оғыз тайпаларының ежелгі феодалдық мемлекеті қалыптасты. Әйгілі М.Қашқаридің сөздігі “Диуани-лұғат-ат-түрік” бойынша Оңтүстік Қазақстанның жерінде, әсіресе Ыстықкөл мен Шудың орта бойында қырғыз, қыпшақ, оғыз, иағма, чігіл, имек сияқты түрік тілдес тайпалардың қатар өмір сүргендігі белгілі. Осыған қарағанда оғыздардың алғашқы отаны Жетісу болғандығына күмән жоқ. Алайда VIII ғ. екінші жартысынан бастап қарлұқ тайпаларының күшеюіне байланысты оғыздар Сырдарияның орта және төменгі бойына ауа бастаған. Сөйтіп IX ғ. аяғында осы аймақта оғыз тайпаларының бірлескен одағының нәтижесінде партиархалды-феодалдық мемлекет құрылады. М. Қашқари оғыз елінің 22, кейбір деректерде 24 тайпаға бөлінгенін жазады.</p> <p><u>Қолдану 8 минут «Интервью» әдісі</u></p> <p>Жалпыға арналған тапсырма:</p> <p>Оқушылар тақырып аясында сұрақтар құрастырады. Сұрақтар тақтаға ілінеді. Оқушылар бір-бірінің сұрақтарына жауап береді.</p> <p>Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер</p> <p><u>Зерттеу сұрағы:</u> VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды?</p>	
<p>Сергіту сәті</p> <p>2 минут</p>	<p><u>«Қыдырып қайтайық!»</u></p> <p><u>би билеу</u></p>	<p>«Қыдырып қайтайық!» биі</p>



Аяқталуы 20 минут

Синтез
Екі түрлі түсініктеме күнделігі.

Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар:

Бөліктің оң жағына

Сол жағына

Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.

Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)

Оқушылар кестемен жұмыс жасайды

Қосымша ақпарат

Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?

Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?

Пәнаралық байланыс
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері
АКТ-мен байланыс
Құндылықтардағы байланыс

<p>Рефлексия</p> <p>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?</p> <p>Бүгін оқушылар не білді?</p> <p>Сыныптағы ахуал қандай болды?</p> <p>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?</p> <p>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>«Менің көңіл-күйім баспалдағы»</p> <p>Оқушылар стикерлерге өз есімдерін жазып (немесе смайликтің суретін салып) тақтада салынған баспалдақтардың біріне жабыстырады. Баспалдақтар «Керемет!», «Өзіме сенімдімін!», «Жақсы», «Жаман емес», «Маған көмек керек!», «Білмеймін», «Нашар» деп аталады.</p>
<p>Қорытынды бағамдау</p> <p>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>	